

№1 Лекция Алғашқы қауымдық өнердің пайда болу алғышарттары.

Дәріс сабағының мақсаты: студенттерге музейлердің профилі жағынан топтарға бөлінуі, музейлер және олардың әлеуметтік міндеттері туралы түсінік беру. Алғашқы қауымдық қоғам өнерін, ежелгі сәулет өнері мен жартас кескіндемесімен танысу

Кілт сөздер: Неолит, Альтамира, Стоундхендж, мүсін, үңгір

Дәріс жоспары:

1. Палеолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың өнері
2. Неолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың өнері
3. Алғашқы қауымдық қоғам өнерінің маңызды функциялары

Палеолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың өнері. Осыдан 30 мың жыл бұрын орта және кейінгі палеолит дәуірінде алғашқы өнер түрлері пайда бола бастады. Бұл кезеңге жартас суреттері мен мүсін өнерінің алғашқы түрлерін жатқызамыз. Жоғарғы палеолит өнері б.з.д. 20-мыңжылдықтан 10-мыңжылдыққа дейін өмір сүрді. Соның ішінде жартас суреттері мен әр түрлі заттардағы бейнелерді атап өтсек болады. Атлантикадан Сібірге дейін, Оралық Европадан Африкаға дейінгі аралықта кішкентай пластика, ағаш, сүйек, мүйізді жону сипаттары біркелкі. Үңгір суреттерінің негізгі ескерткіштері заманауи мемлекеттердің территориясында: Испания, Франция, Италия жерлерінде кездеседі. Б.з.д. 30-12 м.ж. аралығында әлемдегі алғашқы көркемдік ансамбльдер құрылады. Палеолиттік кескіндемеде табиғи жағдайда жиі кездесетін күйе, жоса, бор көп қалданылды. Австралиялық аборигендер сияқты әлі де болса алғашқы қауымдық құрылыс жағдайынан шықпаған халықтарда күйе, жоса және бор атаулары ғана қолданылады. Сондай-ақ, олардың балалары көк және жасыл түстен гөрі, қызыл және сары түсті жылдамырақ игереді. Қазіргі кездің өзінде алғашқы қауымдық құрылыс дәрежесінде өмір сүріп жатқан халықтардың өнерінде әрбір түстің өзіндік маңағынасы бар. Палеолиттік кескіндемеге «ашық» кеңістік тән: суреттің шекарасы көрсетілмейді, ол «рамкамен» шектелмейді, бір қабырғадан екіншісіне, шатырға қарай жалғаса береді, фигуралар бір-біріне қарсы қойылып, нақты пропорцияларды сақтамайды. Кескіндеме суреттерінде біріктіруші байланыс байқалады – бір суретке екіншісі, оған үшіншісі жалғаса береді. Бұның бәрі кескіндеме бейнесінде сюжеттің болмауын көрсетеді.

Неолит дәуіріндегі алғашқы адамдардың өнері. Неолиттік және энеолиттік дәуірлерде адамзат өміріндегі айтулы жаңалықтар орын алды - адамдар дайын өнімді пайдаланудан өндіруші шаруашылыққа көшті – егіншілік және мал шаруашылығы, ешкі, қой және ірі қараны қолға үйретті, ит асырады, қыш құмыра жасауды үйренді. Энеолитте Алдыңғы Азияда боялған кермаика түрлері пайда болды. Боялған кермиканы жасаушы шеберлер тұрақты мекендері бар егіншілер болды. Бұл адамдардың өмірінде кеңістікті өзіңе тиісілі және бөтен деп бөлу пайда болды. Керамикалық ыдысардың бетінде

суреттер салына бастады. Неолит және энеолиттің сәулет өнері деп Қосөзендегі көп бөлмелі үйлер, Триполь мәдениетіне тән шыбықтан жасалған құрылыстан сияқты қоғамдық құрылыстарды айтамыз. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде ірі тас кесектерін ерітіндімен байланыстырмай салынған бекіністер пайда болды. Европада қоршаумен бекітілген қалашықтар пайда болды. Жаңа тас дәуірінде адамдар саз балшықты күйдіруді үйренді. Қыш ыдыстардың пайда болуы – қыш ыдыстар дәуірі деп те аталатын неолит дәуірінің ең маңызды белгілерінің бірі. Бұл өнер табысы адамзат дамуындағы шынайы революцияны білдірді. Себебі бұған дейін адам тек қана оған табиғаттың дайын түріндегі сыйларын қолданды. Балшықты күйдіру арқылы ол табиғатқа жаңа, беймәлім зат шығарды. Табиғаттың құлынан ол оның қожайынына айналды. Қыш ыдыс адам дамуындағы сол белгісіз сезім, кейіннен эстетикалық деп аталған үлкен мағынаға ие болды. Жасаған құмыраларын белгілі бір өрнекпен әсемдеу арқылы адам біртіндеп ою-өрнек өнерін дамытқан. Ол ою-өрнектер дамып, геометриялық әсемдікке, ритмикалық бояулар мен сызықтарға ие бола бастайды. Саз балшықты қыш ыдыс жасау үшін материал ретінде қолдану басқа адамзаттың ұлы ашылулары сияқты кездейсоқ болған да шығар. Қыш барлық неолит мәдениеті тұрмысында қолдануға тез кірді, ал кейініректе ол зерттеушілерге айырым ретінде қолданылды. Себебі, қыш ыдыстардың дамуындағы әр түрлі кезеңінде әр түрлі ою-өрнек қолданылды. Ең алғашқы қыш ыдыс саз балшықтан, қыш істейтін дөңгелексіз жасалынды. Бұл кезеңде геометриялық сарындағы тісті, тарақты ою-өрнектер, зигзагтар, сызықтар, т.б. сияқты ою-өрнектер өз бастауларын зооморфиялық суреттерден алатын схемалық суреттермен үйлесімді салынды. Басқа техника саз балшықты ойып, орнына басқа материал(мысалы, ақ паста) орналастырылды, осы арқылы әсерлі түсті эффект пайда болды. Батыс Еуропаға тән қыш ыдыстар б.з.д. III мыңжылдықтың ортасында Еуропаның қиыр оңтүстігінде (Испания, Франция және Италия) шығарылды; Олар сызылған ою-өрнекпен әсемделіп, жұмсақ балшыққа салынды. Қыш ыдыстардың мұндай түрі қоңырау тәрізді салынады және мегалит мәдениетіне ара қатынаста болады. Б.з.д. III мыңжылдықтың ортасынан Еуропа тұрғындары ареалы тарих табалдырығында тұрғанда, Ніл, Тигр және Евфрат өзендерінің алқаптарында алғашқы жер өңдеушілік державалар пайда болды. Бұл Таяу Шығыс, Қосөзен, сонымен қатар Шығыс Жерорта теңіздік мәдениеттерінің ең гүлденген кезі еді.

Алғашқы қауымдық қоғам өнерінің маңызды функциялары

- Коммуникативті-мемориалды функция (белгілі бір оқиға туралы немесе жеке бір хабарлама бола алатын суреттер);
- Танымдық функция (алғашқы адам үшін шарт пен шындық арасында ешқандай шекара болмады; алғашқы қауымдық құрылыстағы ойлау бірнәрсені ойлап табуды білдірді);
- Діни-магиялық функция (магияның негізінде аналогия принциптері жатты – затты басқару үшін оның формасына ену керек деген сенім. Алғашқы магиялық бейне деп үңгір қабырғаларындағы қолдың

суреттерін айтамыз. Тотемизммен байланыс та байқалады(тотем – тайпалардың арғы тегі болып саналатын қасиетті жануар);

- Эстетикалық функциялар (Алғашқы қауымдық қоғам өнерінде ерекше көркемдік шындықты бейнелейтін, әлемді көркемдік бейнелеу құралы болып саналатын өнер пайда болды. Оған ритм, симметрия, дұрыс формалар жатады. Палеолиттік өнерде стильдер айырмашылығын байқауға болады.

Ласко және Альтамира үңгірлері. Жартас суреттерінің алғашқы үлгісі – Альтамира үңгіріндегі бейнелер б.з.д. 12 м.ж. жатады (Испания). 1875 жылы табылды. 50 жыл ішінде Испания мен Францияның территориясында 40 шақты осындай үлгідегі картина галереялары ашылды. Тағдыр тәлкегі бойынша Альтамира үңгіріндегі суреттер жасанды деп танылды. Олар алғашқы адамдар салды деп айтуға сәйкес келмейтіндей керемет болды. Үңгір кескіндемесінде көп жағдайда жануарлар бейнесі кездеседі: жылқылар, бизондар, бұғылар, сиырлар мен қабандар. Африкада мүйізтұмсықтар мен зебралардың бейнесі де кездесті. Ертеректе салынған суреттерде жануарлар қозғалыссыз бейнеленсе, кейінгі суреттерді алғашқы қауымдық қоғам суретшілері қозғалысты бейнелеуді үйренді. Ласко үңгірінің фрескалары б.з.д. XV-IX ғ. жатады. Монументалды кескіндеме үңгір маңындай пайда болып, олардың авторы табиғаттың өзі болды. Миллиондай жыл бұрын жер сілемдерінде Ласко үңгірі атауымен белгілі жерасты зал пайда болды. Ол - Франция территориясындағы тарихылыққа дейінгі монументалды кескіндеменің нағыз галереясы. Әрине, осыдан 11 немесе 17 жыл бұрын «монументалды кескіндеме» сөзін ешкім қолданбады. Қазір кезде фреска жасауда кеңінен қолданылатын тегістеу әдісін де ол кезде ешкім қолданбады. Соған қарамастан «техникалық ұқсастықтар» кездеседі: ежелгі кезеңде фресканың болғаны туралы айтуға мүмкіндік беретін сурет салуда қабырға сылақтары мен құрамы бойынша қарапайым сулы бояуларды пайдалану. Монументалды кескіндеме жасалатын жерді кескіндемеші-монументалистің шеберханасы деп атаймыз, бірақ оның нақты қандай болғанын тек қана елестете аламыз. Бұл суретшінің жұмыс жағдайын, құралдарын, бояуларын, жұмыс ерекшеліктерін де елестете аламыз дегенді білдіреді. 35м.ж. бұрын «тарихылыққа дейінгі кезең суретшісінің шеберханасынан жасыл ж/е көк түстерсіз бай түстер палитрасын кездестіруге болады». Бірақ суретші табиғи жосаның көмегімен түстерді өзгерте білді; олардың гаммасы ашық сары түстерден қара-қызыл түстерге дейін ауысып отыруы мүмкін еді. Қара түс көмір мен табиғи марганцовкадан алынды. Суретшінің иелігінде алдын ала арнайы тастарда үгітілген борлар, ұнтақ тәрізді түрлі түсті құм, қатты бояулар болды. Бояулар беткі қабатқа қолдың көмегімен, жіңішке таяқшалармен, қылқаламмен, тері жастықшаларымен жағылды.

Дольмендер. Мегалиттік құрылыстар. Қола дәуіріне алғашқы мегалиттік құрылыстар (грекше «мгас»- үлкен, «литос» - тас) тән. Көп тонды тас бағаналар алғашында тайпаларға тиесілі территория шекарасына қойылған. Кейіннен оның мағынасы кеңейтіле түскен. Менгирлер – өңделген немесе

өңделмеген көлденең қойылған тастар. Олардың биіктігі 20,5 м, салмағы 300 т-ға дейін жеткен. Бретанда (Франция) менгирлер көптеп сақталған. Менгирлер Испанияда, Арменияда, Кавказда, Сібірде қойылған. Менгир мағынасының бірнеше нұсқасы кездеседі:

А) ұмытылмас оқиғалар мен соғыстарға арнап салынған;

Б) қабір басындағы ескерткіш ретінде немесе танымал адамдарға арналған;

В) мінәжат ету немесе рәсім жасайтын орын.

Менгирлердің формасы адамның өмір сүру мекеніне байланысты әрқилы болды: бұғы тастар, балық-вишпалар формадағы тастар және т.б. Дольмендер – екі немесе одан да көп тірек тастардан құралған, үсті плитамен жабылған. Менгирлер таралған жерде орналасқан, мағыналары да бірдей. Негізінен Солтүстік Кавказда таралған. Кейде дольмендер табыт ретінде де қолданылған, ал кейбіреулері – уақытша тұрақ ретінде. Дольмендер жоспары бойынша дөңгелек және көпқырлы түрде кездеседі. Бұрынғы дольмендер аса үлкен емес - биіктігі 1,5 м-ге дейін 2-3 көлденең тастардан құралып, бір плитамен жабылған, кейіннен - аса ірілері таралған. Кейде олардың кіруі салынған. Кромлех – шеңбер түрінде орналасқан тас плиталар немесе бағаналар. Негізінен жергілікті діни мінәжат ету орны болған. Театр немесе цирктің алғашқы үлгілері болуы мүмкін. Кромлех астрономиялық обсерватория ретінде қолданылған деген пікір кездеседі. Олар жоспары бойынша сопақшаға жақын немесе дөңгелек пішінді болып келеді. Жекелеген менгирлерден, кейде дольмендермен араласып құралған. Олардың кейбіреулерінде композициялық орталық белгіленген.

Стоунхендж. Англияда орналасқан кромлех Стоунхендж үлкен, әрі күрделі құрылыс болып саналады. Ол жақсы өңделген тастардан жасалынған. Стоунхендж биіктігі 15 м, салмағы 40 тоннаға дейін жететін 2813 тастан құралған. Ол бірнеше мыңжылдықтар аралығында қалыптасқан. Менгирлермен белгіленген және бретондық аллеяға ұқсас жол апарады. Бұрындары су толтырылған жер қабырғасы мен шұңқыры ғибадатханамен қоршалған. Алаңда екі тас шеңберлер орналасқан. Орталық бөліктің діни жері болып есептелген. Бұнда жабық сопақша ішінде бес трилит, көлденең «алтарь» тасы орналасқан. Бір ансамбльде менгирлер, «лабиринттер», кромлех шеңбері, үйінді, ор жинақталған. Стоунхендж орталығына жақын жерде мегалиттермен қоршалған «Құрбандық тасы» деп аталатын тас бар, сол салмағы алты тонна тартатын, ұзындығы екі метр алып тас жерге батып кете жаздады. Ол сондай-ақ дәстүрлі түрде «Object 80» деп аталады, бұл құрылымның ресми техникалық сипаттамаларында осылай көрсетілген. Сонымен қатар оның «Көгілдір тас» деген де атауы бар, өйткені «Object 80»-нің құрылымы мен түсі Стоунхенждегі басқа тастардың көпшілігінен ерекшеленіп, сәл көкшіл тартып тұратыны бар. Ал енді Sky News хабарлағандай, тастың қайдан келгені белгілі болды. Ол Солтүстік Шотландиядан – Стоунхенджден 700 шақырымнан астам қашықта орналасқан тау жынысы кен орны Оркадия ойпатынан әкелінгені анықталды. Геологиялық талдау бұл фактіні даусыз растады, яғни тастан табылған пайдалы қазбалардың түрлері және оның кристалдарындағы радиоактивті

уранның іздері, мерзімін анықтауға жол ашады және қайдан келгенін білуге мүмкіндік береді. Айтпақшы, бұл тастың 2 миллиард жылдық ғұмыры бар.

«Object 80» Стоунхендждегі тау жыныстарынан мүлдем өзгеше жалғыз тас емес, мұнда бірнеше ірі тастар бұрыннан «шалғайдағы таудан келген қонақ» ретінде анықталған. Бірақ бұрын ғалымдар бұл тастар Англияның оңтүстігіне бір кездері осы жерлерге жойқын мұзарттармен бірге көшіп келген болуы мүмкін деп сенген.

Енді ғалымдар тастың зақымдану сипатын зерттей келе, оны мұздықтар көшіріп әкелмеген деседі. Мұнда бұл тас Стоунхендж құрылысы кезінде оны адамдар сал жасап, соған тасты тиеп, арнайы әкелген-міс. Ал бұл жалпы британ тарихына деген көзқарасты өзгертеді.

«Осындай көлемді және ауыр жүкті Шотландиядан Англияның оңтүстігіне құрлық жолымен тасымалдау тым қиын болар еді, бұл Британ жағалауында теңіз жолы болғандығы ықтимал деген ойға жетелейді. Бұл неолит дәуірінде Ұлыбританияда болған деп есептелгеннен гөрі алыс сауда желілері жұмыс істеді және қоғамдық ұйымның деңгейі жоғары болды деген сөз» – дейді Австралиядағы Кертин университетінің профессоры, зерттеудің бірлескен авторы Крис Киркланд.

Алғашқы адам үңгірлері. Үңгір кеңістігін пайдалану белгілі тәртіпке бағынады, кеңістіктің сапалық сипаттамаларын жасауды ғалымдар мифологияның бастауынан көреді. Үңгір, шұңқыр секілді осындай ландшафтты зоналар әйелдің бастауымен, ана құрсағымен, ал тұрған жартастар, таулар, алып ағаштар ерлердің бастауымен байланыстырылады. Үңгірде сонымен қатар, жоғарғы қасиетті зона бөлінген - ол алдымен, әрбір қабырғаның ортасы, қабырғалардың жоғарғы бөлігінегі ойықтар. Әйел мүсіндері қасиетті зоналарда көп кездеседі. Бұл жеміс беретін, табиғатты қоректендіретін Ұлы құдай-ана культімен байланысты. Палеолиттік үңгір кескіндемесі жарқын бейнеленген діни сипатта болды, тек шамамен мың жыл бұрын суреттер дәстүрлі сипатқа ене бастады. Бірақ палеолитке, тіпті неолитте еңбек құралдарын, тұрмыстық заттарын және адам денесін безендірген ою-өрнек өнері болды. Жартас және кіші нормадағы өнерде негізгі бейнелерді жануарлардың бейнелері құрайды, ең бастысы шөпқоректі жануарлар: мамонт, мүйізтұмсық, жабайы жылқы, асыл және солтүстік бұғы, кермарал, бұқа, жабайы өгіз, жыртқыштардан - арыстан мен аю бейнелері салынған. Өсімдіктердің бейнелері аз кездеседі. Әйел мүсіндері әрқашан да ерлер мүсіндерінен көп. Мүсін рельеф түрінде де, тас, ағаш, саз, сүйектен дөңгелек түрінде де жасалды. Мүсіндерде көбіне көп салмақты және артық пішінді жасалған құдай-ана бейнелері - «палеолиттік Венера» деп аталатын бейнелер кескінделді. Жоғарғы палеолит өнері магиялық негізге ие және салтпен байланысты. Діни рәсімдерге арналған үңгірдің тереңінде табиғат күштері және олардың адам өміріне әсері туралы түсінік қалыптасқан бейнелер кескінделеді.

1. Бақылау сұрақтары

1. Өнердің пайда болуы қай уақытқа тән?
2. Алғашқы қауым өнерінің қызметін атаңыз?
3. Жартас суреттері нені білдірді?
4. Мегалиттік құрылыстар дегеніміз не?
5. Дольмен, менгир, кромлех дегеніміз не?

2. Әдебиеттер

1. Большая иллюстрированная энциклопедия истории искусств. – М.: Махаон, 2007.
2. Бирюкова Н.В. История архитектуры: учебное пособие. –М.: ИНФРА-М, 2006
3. Архитектура: электронный учебник. –М.: издательский дом «Равновесие», 2006.
4. Мировая культура и искусство: электронный учебник. –М.: издательский дом «Равновесие», 2007.